С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.205-207

ІЛЕ-АЛАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКЫ АУМАҒЫНДА ДІҢ ЗИЯНКЕСТЕРІН ФЕРОМОН ТҰТҚЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Қасен Қ.

Қазақстанда Тянь-Шань шыршасы өсетін Медеу және Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінде 2011 жылы мамырдың 17-ші жұлдызында болған желсұлатпа салдарынан жалпы көлемі 480 гектар орман алаңы зардап шеккен. Құлаған, сынған ағаштардың көлемі 96 000 $м^3$-тен асқан. Негізінен дауыл тянь-шань шыршасы *(Picea tianschanica)* және кәдімгі қарағай *(Pinus sylvestris),* қотыр қайың *(Betula pendula)* ағаштарына көп зиянын тигізген.

Экологиялық тепе-теңдікті сақтау жолында ормандар маңызды фактор болса, экономикалық тұрғыдан қарағанда аса бағалы болып саналады, яғни дауыл экологиялық тепе-теңдікті бұзып, үлкен шығынға алып келді. Осы желсұлатпадан кейін ұлттық шаруашылыққа келтірілген шығын мөлшері 170 миллион теңгеге бағаланған.

Дауылдан кейін орман аумағында құлаған ағаштарды бірінші кезекте жинап, алаңнан шығарып, тасымалдау керек. Өкінішке орай үлкен алаңдарда, таулы ормандарда техниканың жетуі қиын болған жерлерде бұл жұмыстарды уақтында орындау мүмкін болмайды, ал бұл өз кезегінде дің зиянкестері: қабықжегілер (*Scolitidae),* сүгендер (*Cerambycidae),* зер қоңыздар (*Gramineae*), мүйізқұйрықтылар (*Siricidae*) күрт көбейіп, дамуына қолайлы болып табылады. Қоныстанған зиянкестер кейінгі жылдары көбейіп, құлаған, әлсіреген ағаштардан таза сау ағаштарға ауып зиянын тигізеді.

Жалпы зиянкестерге қарсы дүниежүзінде: химиялық, механикалық, биологиялық және биотехникалық күрес шаралары жүргізіледі.

Солардың ішінде соңғы жылдары биологиялық және биотехникалық әдістерге көбірек көңіл бөлінуде. Биотехникалық күрес шаралары болып саналатын феромон тұтқыларын тек орман алаңдарында ғана емес, қала ішінде өсіп тұрған ағаштардың зиянкестеріне қарсы түр құрамын анықтау, санын азайту, алдын ала күрес шаралары үшін де пайдаланылады. Зиянкестерге қарсы қорғау шараларында феромондар экономикалық тұрғыдан біраз қаражатты талап еткенімен, экологиялық жағынан еш зияны жоқ, қауіпсіз болып табылатындықтан қолдану аясы да артып отыр.

2012-2014 жж. аралығында Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында Шымбұлақ, Медеу шатқалында Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми - зерттеу институтының, «Техникалық дақылдар және орман қорғау» бөлімінің қызметкерлері – бақылау жүргізу барысында дің

зиянкестері оның ішінде қабықжегілердің құлаған ағаштарда ғана емес, өсіп тұрған ағаштарға қоныстанып, зиян тигізгендігі және мөлшерінің көбейгендігін анықтаған.

Аталмыш бөлімнің қызметкерлері шыршаға зиянын тигізетін қабықжегі зиянкестерінің тығыздығын, түр құрамын, биологиялық ерекшеліктерін анықтау және қабықжегілердің популяциясын азайту арқылы сау ағаштарға зиян тигізуін алдын-алу үшін бақылау жүргізіп, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы Медеу шатқалында (Мохнатка Н 1778м. N-43^{0}09.961’ E-077^{0}02.989’; № 13 кварталда Н 1630 м. N 43^{0}09’644 E 007^{0}09’644), Шымбұлақта (57 кварталда Н 2364м. N-43^{0}07.131’ E -007^{0}04.724; Тұйықсу Н 2395м.N 43^{0}02’067 E 007^{0}0475) феромон тұтқыларын ілген.

«Кедергілі» және «Үшбұрышты» феромон тұтқылары желдің бағытына қарай ілініп, 7-12 күн аралығында бақылау жүргізіліп, феромон диспенцерлері 45 күнде бір рет ауыстырылып отырған. Бақылау барысында қабықжегілердің әр ай сайын көбейгендігі анықталған.

2013 жылы Медеу шатқалында тұтқыларға типограф қабықжегісі *(Ips typographus* L.) көптеп түскен және бақылау алаңдарында сынған ағаштармен қатар өсіп тұрған ағаштарда да табылған, бұл энтомолог Арчил Супаташвили (Грузия мемлекеті, Тбилиси қаласындағы «Орман қорғау» бөлімінің меңгерушісі) және Б.А. Тоқтаралиевтің (Қырғызстан Республикасының ҰҒА академигі) де растауларымен типограф қабықжегісі екендігі анықталған.

ҚР ҰҒА академигі, профессор Ж.Д Исмұхамбетов өз зерттеулері бойынша 1965 жылы тянь-шань шыршасының 52 зиянкес түрлерін тіркеген. Бұл тізімде Іле-Алатауында кездесетін Гаузер (*Ips hauseri* Reitt.), азиаттық гравер (*Pityogenesperfossus* Bees.) қабықжегілері енген. Ал, 48 жыл өткеннен кейін 2012-2013 жж. ілінген феромон тұтқыларына Ж.Д. Исмұхамбетовтың тізіміне енген Гаузер, граверлерден басқа сүгендер, типограф және алтытісті қабықжегілер түскен.

Ал, тек 2013 жылдың тамыз айында кедергілі феромонды тұтқыларына: 865 бунақденелілер, оның 610-ы типограф (*Ips typographus* L.) қабық жегісі, 99-ы гаузер (*Ips hauseri* Reitt.), 115-і гравер (*Pityogenes* sp.), 11-і қоңыр түсті сүгендер (*Arhopalus rusticus* L.), 30-ы басқа бунақденелілер (қандалалар, шыртылдақтар т.б.) және пішеншілер түскен.

2014 жылы кедергілі феромонды тұтқылары 1600 м-ден бастап 2500 метр биіктіктерде ілінді және 12-15 күн аралығында бақылау жүргізіліп отырған.

Осы жылы сәуір-маусым айларында тұтқыларға байкал граверы *(Pityogenes conjunctus* Reitt. *(= P. baicalicus* Egg.) және халькограф *(Pityogenes chalcographus* L.*)*, ала ағаш қоңызы (*Trypodendron lineatum* Oliv.), қырғыз микрографы (*Pityogenes kirgisicus* Pjat.), мүйізқұйрықтылар (*Siricidae*) түскен және бұл түрлер үлгі алаңдарында өсіп тұрған тянь-шань шыршасының қалың қабықтарында да табылып отыр.

Қорытындылай келе, еліміздің аумағында орналасқан Тянь-шанның басқада қыраттары және Іле Алатауындағы қылқан жапырақтыларға төнген қауіптің алдын алу, қорғау жолында негізгі рөлі сыртқы және ішкі карантин ережесін сақтау жұмыстарына көңіл бөлу арқылы атқарылуы тиіс. Желсұлатпадан кейін зиянкестердің жаппай көбеюіне жол бермеу мақсатында

әлсіреген көрші және сау ағаштарға шабуылына, қоныстануына жол бермеу және алдын-ала сақтандыру үшін «Орман шаруашылықтық шараларын» әзірлеу қажет.

Ғылыми жетекшісі Мазаржанова Қ.М., а.ш.ғ.к., аға оқытушы